«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

Спорттық шара «Қыс қызығы»



Тәрбиеші: Бимашева Г.Б.

2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеші:

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар мен балалар!

Қош келдіңіздер «Қыс қызығы» атты көңілді спорттық сайысымызға!

Қыс – тек суық мезгіл емес, ол – көңілді ойындар мен қызықты жарыстар уақыты!

Бүгін біз сіздермен бірге ойнап, жарысып, керемет көңіл күй сыйлаймыз!

Командалар таныстыру

(Ата-аналар мен балалар 2 топқа бөлінеді)

1-топ: «Аққала»

Ұраны: «Біз аққаладай мықтымыз, жеңіске біз лайықпыз!»

2-топ: «Қар бүршігі»

Ұраны: «Қардай таза көңілмен, жеңіске жетеміз біз бірге!»

III. Сайыс кезеңдері

1 .«Шапшаң шана»

Балалар мен ата-аналар кезекпен шанамен белгіленген жерге барып, кері қайтады.

2.Қар лақтыру»

Қатысушылар қар доптарын (жасанды) себетке дәлдеп лақтырады.

3.Кедергіден өту»

Балалар мен ата-аналар бірге кедергілерден (дөңгелек, конус, арқан) өтеді.

4.Қар адам құрастыру»

Әр команда берілген құралдармен (шар, қағаз, орамал) қар адам жасайды.

5.Эстафета»

Қасыққа шар салып, түсірмей белгіленген жерге жеткізу.

Сергіту сәті

(Қыс туралы көңілді музыка қосылып, бәрі бірге би билейді)

IV. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

Бүгінгі сайысымыз өте көңілді өтті! Барлық қатысушылар белсенділік танытты.

Балаларымыз да, ата-аналарымыз да өте шапшаң әрі ұйымшыл екенін көрсетті!

(Марапаттау)

«Ең жылдам команда»

«Ең көңілді отбасы»

Қорытынды сөз:

Қыс мезгілі – қуаныш пен шаттықтың мезгілі. Осындай шаралар арқылы біз бір-бірімізге жақындай түсеміз!

Қатысқандарыңызға рахмет! Көңілдеріңіз әрдайым көтеріңкі болсын!



